



**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 наурыз N 344

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне  
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері  
бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат, N 12, 88-құжат, N 15-16, 100-құжат, N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат, N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z000128\_ Қазақстан Республикасының 2000 жылғы

1) 8-бап мынадай мазмұндағы у-3) тармақшамен толықтырылсын:

"у-3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Үкіметі арасында жасалатын сенімді басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқаруды жүзеге асырады;"

2) 15-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы у) және ф) тармақшаларымен толықтырылсын:

"у) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекітуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқарудың нәтижелері туралы есепті бекітуі;

ф) өкілеттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару (Өкілетті өкіл) жөнінде шұғыл шешімдер қабылдау кіретін лауазымды тұлғаны (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары дәрежесінен төмен емес) айқындауы."

3) 70-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банк көрсететін қызметтердің өтемділігі

Қазақстан Ұлттық Банкі ақылы негізде банк операцияларын және басқа да қызметтерді жүргізуге құқылы. Ол көрсететін қызметтер үшін төлемнің түрлері мен мөлшерлерін Қазақстан Ұлттық Банкі дербес анықтайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қаржы министрлігіне көрсетілетін банктік және өзге де қызметтер үшін ақы алмайды."

2. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжаттар; Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 15 желтоқсандағы N 123 Заңы; 2001 жылғы 23 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010140\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы Заңы )

1) 1-бап мынадай мазмұндағы жиырма жетінші және қырық алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"шикізат секторы ұйымдары - тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, олардан бюджетке төленетін төлемнің бөлігі осы Заңда айқындалатын тәртіпте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылатын заңды тұлғалар;"

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын мақсатты трансферттер - көлемдері тиісті бюджеттерде бекітілетін, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мақсаттарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тиісті

бюджетке түсетін ақша түсімдері;" ;

2) 4-баптың 4-тармағындағы "қол жеткізіледі" деген сөздердің алдынан ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандырушылық қызметтерін іске асыру арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

3 ) 7 - б а п т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

б) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырма бесінші абзацпен толықтырылсын: "шикізат секторының ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемінің арасындағы теріс айырма ретінде айқындалатын республикалық бюджеттің шығындарын өтеу түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдер;" ;

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын мақсатты трансферттер;" ;

4) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Республикалық бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемін анықтау тәртібі

1. Республикалық бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің жылдық көлемі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңмен бекітіледі. Көрсетілген түсімдердің тоқсандық көлемдерін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық бюджетте белгіленген жылдық сомалар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Шикізат секторы ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық

көлемдерінен асатын түсімдерінің бөлігі осы Заңның 24-бабына сәйкес республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылады." ;

5) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттерді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мақсатты трансферттердің есебінен іске асырылатын өзге де бюджеттік бағдарламаларды." ;

б) 11-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшада:

б) тармақшасында:

жиырма үшінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемінің арасындағы теріс айырма ретінде айқындалатын жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдер;" ;

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынған мақсатты трансферттер";

7) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Жергілікті бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемін анықтау тәртібі

1. Жергілікті бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің жылдық көлемі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңмен бекітіледі. Көрсетілген түсімдердің тоқсандық көлемдерін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық бюджетте белгіленген жылдық сомалар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Шикізат секторы ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемдерінен асатын түсімдерінің бөлігі осы Заңның 25-бабына сәйкес жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылады." ;

8) 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен толықтырылсын :

"жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттерді ; "

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мақсатты трансферттердің есебінен іске асырылатын өзге де бюджеттік бағдарламаларды";

9) 15-бап мынадай мазмұндағы үшінші және оныншы абзацтармен толықтырылсын:

"облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемдерін;" ;

тоғызыншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттердің сомаларын;" ;

10) 18 - бапта :

4-тармақ мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда белгіленген сомада Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жергілікті бюджеттен берілетін ресми трансферттердің сомалары;" ;

7-1-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Шикізат секторының ұйымдарынан жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің көлемін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда белгіленген көлемде жергілікті өкілді органдар б е к і т е д і . " ;

11) 24-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемінен асатын түсімдерінің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық аумақтық органы жүргізеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылған сомалар осы Заңның 29-бабына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.";

12) 25-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін, олардың бекітілген тоқсандық көлемінен асатын түсімдерінің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте тиісті жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық аумақтық органы жүргізеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылған сомалар осы Заңның 29-бабына сәйкес тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.";

1 3 ) 2 9 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі "республикалық бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару көлемдері туралы ақпаратты енгізе отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік "жергілікті бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару көлемдері туралы ақпаратты енгізе отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттердің (облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің, облыстық бюджеттердің, қалалар, аудандар бюджеттерінің) атқарылуы туралы айлық және жылдық есептер тиісті жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару көлемдері туралы ақпаратты қамтиды."

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК